



Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 18 қазандағы
№ 424 бұйрығына
4-қосымша

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
«Балаларды ерте дамыту институты»
республикалық мемлекеттік мекемесінің
Жарғысы**

Астана, 2022 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) білім беру қызметінің мектепке дейінгі ұйымдар көрсететін әдістемелік және әдіснамалық функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: республикалық.

3. Мекеме «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 392 қаулысына сәйкес құрылды.

Мекеме «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің атауын Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 09 қарашадағы № 796 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді.

Мекеме «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 17 қазандағы № 829 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді.

4. Мекеменің құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

5. Уәкілетті орган, сондай-ақ оған байланысты Мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болып табылады.

6. Мекеменің атауы:

мемлекеттік тілде: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Республиканское государственное учреждение «Институт раннего развития детей» Министерства просвещения Республики Казахстан.

7. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, ғимарат 8/2.

2. Мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мекеме ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеледі және заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес тенгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшаға жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

12. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мекеме қызметінің мәні мектепке дейінгі ұйымдар көрсететін білім беру қызметін әдістемелік және әдіснамалық қолдау, ғылыми-зерттеу қызметі болып табылады.

14. Мекеме қызметінің мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдіснамасын ғылыми негіздеу және бағдарламалар мазмұнын сапалы жаңарту болып табылады.

15. Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының барлық түрдегі мектепке дейінгі ұйымдарын, жалпы білім беретін мектептердегі (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарын жетілдіру бойынша нұсқаулықтарды әзірлеу мақсатында олардың бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайын зерттеу және талдау;

2) мектепке дейінгі ұйымдардың, жалпы білім беретін мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарының педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін жоғарылату мақсатында мектепке дейінгі білім аймағында инновациялық қызметтің отандық және шетелдік тәжірибесін зерттеу, жалпылау және тарату;

3) мектепке дейінгі білім аймағында педагог-ғалымдар мен олардың ғылыми зерттеулерінің электрондық және басылып шыққан мәліметтер қорын қалыптастыру;

4) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың өзекті мәселелері бойынша мектепке дейінгі ұйымдарға, жалпы білім беретін мектептердің (лицейлердің,

гимназиялардың) мектепалды сыныптарына әдістемелік сүйемелдеу және тәжірибелік көмек көрсету;

5) мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарының педагогтерін аттестауды әдістемелік сүйемелдеу;

6) мектепке дейінгі ұйымдардың, жалпы білім беретін мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарының педагогтеріне және тәрбиеленушілердің ата-аналарына ақпараттық және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және апробациялау, ғылыми-әдістемелік журналдарды басып шығару;

7) мектепке дейінгі ұйым базасында эксперименттік алаңдар құру бойынша жұмыстар ұйымдастыру және әдістемелік ұсынымдар басып шығару жолымен эксперименттік алаң жұмыстарының нәтижесін тарату;

8) конференцияларды, кеңестерді, дөңгелек үстелдерді, педагогикалық оқылымдарды; мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерінің кәсіби шеберлік деңгейлерін; сондай-ақ тәрбиеленушілерге арналған фестивальдар, байқаулар дайындау және өткізу;

9) жергілікті атқарушы органдармен, білім беру ұйымдарымен, қоғамдық, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту және нығайту;

10) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курстарын, вебинарлар мен тренингтер өткізу;

11) балаларды ерте жастан дамыту саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;

12) білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнына ғылыми зерттеулер жүргізу және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтеріне арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша әдістемелік материалдар әзірлеу;

13) сапаның барлық компоненттерін (құрылымын, процесін, нәтижесін) қамтитын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және енгізу негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету;

14) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың оқу бағдарламаларының және ұйымдастыру нысандары мазмұнының вариативтілігі мен әртүрлілігін қамтамасыз ету;

15) балаларды күту, дамыту және тәрбиелеу, денсаулығын сақтау және нығайту мәселелерінде ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық мәдениетін арттыру, отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің қызметін әдістемелік сүйемелдеу.

Мекемеге жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Мекеме басшысының Мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

4. Мекемені басқару

17. Мекемені жалпы басқаруды уәкілетті орган жүзеге асырады.

18. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) Мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) Мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 5) Мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, Мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 6) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 7) Мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 8) Мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларының) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;
- 9) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, Мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;
- 11) Мекеменің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісімін береді;
- 12) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

19. Мекеме басшысы уәкілетті органмен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Мекеменің басшысы Мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, уәкілетті органға тікелей бағынады және Мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруға жеке жауапты болады.

21. Мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Мекеменің жарғысында айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Қызметті жүзеге асыруы барысында Мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) Мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа, Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазалайды;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және Мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және уәкілетті органмен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

5. Мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

23. Мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

24. Мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

25. Егер Қазақстан Республикасының заңдары мен Мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мектепке дейінгі білім саласында өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

26. Мекеме қызметі уәкілетті орган бюджетінен қаржыландырылады.

27. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

28. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және аудит Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен және басқа да бақылаушы органдармен жүзеге асырылады.

6. Мекеменің жұмыс тәртібі

29. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамаларының нормаларына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің жұмыс тәртібіне қайшы келмеуі тиіс.

7. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

30. Мекеме Уәкілетті органның келісімімен филиалдар мен өкілдіктерді құруға құқылы.

8. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

31. Мекеменің жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу уәкілетті орган бұйрығымен енгізіледі.

9. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

32. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жасалады.

Мекеме азаматтық заңнамада қарастырылған, сондай-ақ басқа негіздемелер бойынша таратылуы мүмкін.

Директор _____

Т.А.Ә.А.(бар болған жағдайда)

Асанова Ш

РК
КОЛЫ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АДІЛЕТ ҚАҒАМАТШЫЛЫҒЫ»
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ АДІЛЕЛІК ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАРЛЫҚ
НӨМІРЛЕНГЕНІ,
ТІРКЕЛГЕНІ**

20 22.11.19

Тіпші және нөмірленгені
7 (және) бетте